

ЖОО-ларға қазақ тілін жасанды интеллект арқылы оқыту

***ЖАЛДЫБАЕВА Айнура Жакыпбаевна**, магистр, оқытушы, zholdybaeva-1997@mail.ru,
КЕНЖЕБЕКОВА Айгерім Ерболқызы, магистр, оқытушы, ajgerim.kenzhebekova@mail.ru,
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Н. Назарбаев даңғылы, 56, Қарағанды, Қазақстан,

*автор-корреспондент.

Аңдатпа. ЖОО-лардағы студенттерге қазақ тілін жасанды интеллект арқылы оқыту тиімділігі қарастырылған. Өзге-ұлт өкілдеріне жасанды интеллектің пайдасы зерттелді және цифрлық қолданыс түрлеріне талдау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу мақсаты – тілді оқытудағы жасанды интеллектің тиімділігін анықтау. Білім алушыларға 4-тілдік дағды негізін жасанды интеллект арқылы жасалған онлайн платформалары мен қосымшалары, интернет ресурстары сарапталды. Тіл үйренушілерге гаджеттің көмегімен цифрлық сауаттылықты арттыруға әдістеме жүргізілді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, жасанды интеллект, онлайн платформа, тіл үйрену, тілдік дағды, цифрлық сауаттылық.

Кіріспе. Қазіргі жаһандану заманында ғылым күн сайын даму үстінде. Соның тағы бір жемісі – жасанды интеллект. Бұл қазіргі кезде адам санасының аналогы ретінде жасалатын сенімді бағдарлама желісі. Әрине, бұл сала біздің елімізде қазір өзекті мәселе болғанымен, дүниежүзінде 1956 жылдан бастап зерттелген. Оның негізін салған америкалық бағдарламашы Джон Маккарти есімді ғалым АҚШ-тың Дартмут колледжінде өткен ғылыми конференцияда бұл терминді алғаш рет қолданған. Яғни, «жасанды интеллект» атауын берген ғалым [1, 85].

Нейрондық желі – адам миының көшірмесі деп қарайтын болсақ, жасанды интеллектіге ойлау шексіздігі тән қасиеттің бірі. Ғылымның осылайша қарқындап дамуы, мамандардың жұмысына мол септігін тигізді. Мәселен, ғылымда, білім саласындағы мемлекеттік коммуналдық мекемелерде, денсаулық сақтау орындарда, өндірістік салада қолданыс табуда.

Біз дамыған елдердің қатарына қосылу үшін ғылымға айрықша мән беруіміз керек. Яғни, ғылымды қарқынды дамудың төте жолы ретінде қарастыруымыз керек. Ұлы ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсынұлы: «Озғандарға жету керек. Жеткендерден озу керек» деген сөзі өзекті.

Жасанды интеллект туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Елімізде жасанды интеллект – қауіпсіздік жүйесі медицина, банк қызметі, логистика, білім

беру салаларына ойдағыдай енгізіліп жатыр. Осы технологияны меңгерген мықты компаниялар да пайда болды. Соған қарамастан жасанды интеллект индустриясын одан әрі дамыту үшін мемлекет кешенді қолдау көрсетуі керек. Мәліметтер мен технологиялық инфрақұрылым барынша қолжетімді болуы керек. Сондықтан қолайлы экожүйе қалыптастыру қажет. Сонымен қатар, бізге жасанды интеллекті дамытатын тиісті институттар керек. Бұл мәселе бойынша айтылған ұсынысты мен қолдаймын» [2].

Білім беру саласында жасанды интеллект бағдарламалық оқылымға енгізудің тиімділігі орасан зор. Әсіресе, жоғары оқу орындарындағы өзге тілді ұлт-өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгерту үшін тиімді. Қазақ тілін үйрететін мамандарға ақпараттық-коммуникациялық технология және бағдарламалық-аппараттық оқыту құралдарының жүйесіне негізделеді. Жоғары кәсіптік білімді дамыудың заманауи талаптарына баса назар аудартады.

Ғаламданумен қарым-қатынаста тілді үйрену мен үйрету қажеттілігі күннен-күнге артып келе жатыр. Тіпті соңғы бес жылға артқа шегінер болсақ, қазіргі кезде мемлекеттік тілді үйренемін деген адам саны арты. Тіл үйренушілерге жасанды интеллекті пайдаланудың негізгі жолдарының бірі мобильді қосымшалар, интернет ресурстары, онлайн платформаларды пайдалану.

ЖОО-ларда өзге ұлт өкілдеріне қазақ

тілін оқытуда жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану мақсаты – сандық қоғамдағы мемлекеттік тілді тиімді үйретудің жолы ретінде қарастыру. Жасанды интеллект әдетте адамның интеллектуалды қабілетін қажет ететін және жүйелерді құрумен айналысатын технологиялық құрал. Жасанды интеллект оқытуды, логиканы, жоспарлауды, сөйлеуді тануды, қабылдауды және есептерді шешуді имитациялауға және талдауға тырысады. Жасанды интеллектінің артықшылықтары келесідей:

1. Мәліметтерді тез арада алу;
2. Мәліметтерге негізделген тиімді шешімдер;
3. Инновациялық жұмыс орындар;
4. Энергия тасымалдаушыларға тәуелді болмау;
5. Субъектіліктің аздығы.

Бұл әртүрлі салаларда жұмыс істеудің әр аспектілерін автоматтандыру және адамның ойлау қабілетін формаландыру, модельдеу және оларды программалау моделімен айналысатын информациялық жүйе.

Шетелдік Thornbury, Harmer сынды тілші ғалымдардың зерттеуі бойынша адамның ойлауын тілді меңгеруге қысқа мерзімді жады уақытша телефон нөмірін жаттау, емтиханға әзірлену т.б. ұзақ мерзімді жады бірдей қатысады. Алайда екінші тілді тиісті дәрежеде меңгеру үшін, атап айтқанда, сөздік қорды күнделікті тұрмыста еркін қолдану үшін соңғы аталғанының маңызы өте зор.

Қазақ тілі – бай, ауқымды тілдің қатарына жатқандықтан, оны цифрлық технологиялар негізінде кез-келген білім алушыға ұсынудың бірнеше әдіс-тәсілдерін айқындауға болады. Біріншіден, цифрлық технология – тілдің сақталуы мен қолданым аясының кеңеюін қамтамасыз етеді. Бұл қазіргі ақылды үй, ақылды көліктерді, виртуалды көмекшілердің қазақша қолданылуына үлкен үлес қосады. Яғни, «шамды қос, немесе өшір», «солға немесе оңға жүр» деген сияқты қазақ тілінде басқару жүйелерін интеграциялауға әсер етеді. Сондай-ақ, жас ұрпақтың тілімізді ұғыну мен танылуына, коммуникациялық қолданылу жүйесіне, сөйлеу мен түсінуге ынталандырады [3]. Қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект қолдануда тілдік дағдының 4 бағыты бойынша көптеген тапсырмаларды тиімді пайдалануға болады. Жасанды интеллект адамның интеллектісін түсіну үшін компьютерлерді қолданудың ұқсас міндетімен байланысты, бірақ ол міндетті түрде биологиялық тұрғыдан сенімді әдістермен шектелмейді.

Аталмыш тақырып бойынша біршама зерттеулер жүргізілді. Атап айтсақ, қазіргі кезде «Тіл қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығында, Л.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінде де жүйелік индикаторлар ойлап табылған, әрі іске асырылуда [4].

Зерттеу әдістері мен материалдар.

1991 жылы шет елдік ғалымдар ұрпақтар теориясын жазған. Соның ішінде 2000 жылдардан кейінгі туған ұрпақты, технологияның тілін меңгерген жастарды Z-ұрпақтары деп атаған екен. Z-ұрпағының өкілдері кітап оқымайды, аулада аз серуендейді, олар алаңға шығып, футбол ойнағаннан гөрі компьютерде футбол ойнағанды жөн көреді. Ал 2010-жылдан кейінгі ұрпақты α-ұрпағы деп атайды. Бұл ұрпақтың ерекшеліктері ақпаратты тез қабылдау мен қызығушылық танытқан болса тез тауып алады. Яғни, гаджеттер – қазіргі заманғы адамның өмірінің ажырамас бөлігі. Сондықтан қазіргі жастарды ғаламтордан алшақ ұстаудың, техникадан оқушаулауға тырысудың қажеті жоқ. Керісінше, осы құрылғыларды пайдаға жаратып, одан дұрыс ақпараттар алу керектігін, оны түсініп жүйелеуге үйретуіміз қажет.

Ақпараттық-сандық қоғамның сабақта көрінісін нейро-сеть арқылы дайындалған түрлі платформалар негізін көрсетуімізге болады. Яғни, сабақтағы мәтінде өзіміз оқымай, оның барысын арнайы платформалар арқылы жасалған роботтарды сөйлету. Онлайн қосымшаларға өзіміз ЖОО-ларда пандемия кезінде қолданған Kahoot, WordWall, Padlet, Quizziz сияқты платформаларға сабақтар нұсқалары жасайды. Мәселен, сөздік қорды меңгертуге WordWall, Quizlet платформасын пайдаланса, алған білімді бекітуге Kahoot, Quizz, LearningApps.org, Wizer.me қосымшаларын тілге тиек етейік.

Қазақ тілі сабақтарында ЖИ қолдану ең бірінші коммуникативті құзыреттіліктері дамытуға бағытталауы тиіс. Білім алушыларды сөйлеуге, айтылған ақпаратты түсінуге, өзінің ойын жеткізуге дағдыландыру. Бұл бірінші кезекті сөздік қор, 4 дағды негізі мен осы құралдарды қолдана отырып қазақ тілінің құндылығын түсіндіруге және білім алушының метапәндік дағдыларын дамытуға жол ашады. Білім алушы ЖИ қолдану барысында сыни ойлау, креативті ойлау, мәселелерді шешу, сұрыптау, жүйелеу, анализ жасау, жоғарғы ойлау деңгейлерін де дамыту қажет.

Жасанды интеллект білім беруде қолданылуы мүмкін тағы бір сала – интеллектуалды репетиторлықты дамыту. Бұл жүйе ЖОО-дағы студенттерге саналы түрде тілді жетік меңгеруге ықпал етеді. Оқытушының мақсаты – мемлекеттік тілді кәсіби меңгерту. Осы мақсат негізінде арнайы мазмұндық бағдарлама әзірленіп, деңгейлік дәрежеге сай мәтіндер мен тапсырмалар, аудармалар, модульдер негізі жүйеленетін міндеттер қо-

йылады.

ЖИ негізінде ChatGPT – қосымшасын білім алушылар өзінің қажеттілігіне жаратып қана қоймай, идея алу үшін оңтайландыруы қажет. Егер білім алушы ChatGPT қосымшасын тек өзінің қажеттілігіне ғана қолданатын болса, «академиялық адалдыққа» жатпайтын іс-әрекет деп есептелінеді.

ЖИ сабақта қолдану қажеттілігінен білім алушының цифрлық құзыреттілігі пайда болады. Цифрлық құзыреттілікке цифрлық сауаттылық, медиасауаттылық, ақпараттық сауаттылық кіреді.

Цифрлық сауаттылық туралы М.В.Кузьмина былай деген: «Цифрлық сауаттылық – жауа әлеуметтік форматтағы қарым-қатынас құру қабілеті, қарым-қатынас әдебін сақтау және қарым-қатынас кезінде мұқият бола білу» [5]. Цифрлық сауаттылық ұғымының аясы кеңейіп, өз ішінде бірнеше сауаттылық түрлерін қамтиды. Олар төмендегідей:

1. Компьютерлік сауаттылық;
2. Ақпараттық сауаттылық;
3. Медиасауаттылық;
4. Коммуникативтік сауаттылық;
5. Визуалды сауаттылық.

Бұл сауаттылықтар компьютерлік операциялық жүйелерді және бағдарламаларды түсіну, цифрлық мазмұнмен жұмыс істеу, медиаконтент құру, әлеуметтік желілерде және ортада қарым-қатынас этикасын сақтау, түрлі сурет, сызба мен диаграммалар мен шартты белгілерді түсіндіре білу қабілеті.

Сабақ үдерісінде ЖИ қолдана отырып, оқушылардың медиасауаттылығын төмендегідей дамыта аламыз:

1. Жаңалықтарды талдау;
2. Сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған сұрақтар ұсыну;
3. Дереккөздерді салыстыруға бағытталған тапсырмаларды ұсыну;
4. Медиа-материалдар әзірлеу;
5. Шынайы өмір жағдайында кездесетін кейстерді талдау.

Тыңдаушының жекелік ерекшелігін ескерудің маңыздылығы. Қызығушылықты, қажеттілікті, психологиялық ерекшелікті, жас шамасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына сай келетін сөздік қорды тыңдаушыға ұсыну нәтижелі әрі өнімді болары сөзсіз. Мәселен, тыңдаушыға сүйікті музыка жанрынан болып келетін әнді тыңдап, тапсырма орындауды ұсыну арқылы мақсатты оқыту әрекетін (лексикалық қорды байыту) жүзеге асыра аламыз.

Оқытушының ресурс ретіндегі қызметі:

- Тіл үйрету стратегияларын жетік игеруі;
- Оқушы қажеттілігін (тақырыптық қызығушылығынан хабардар болу, сөздік қоры мөлшерін бағамдай білуі, сынып пен жеке оқушының жылдамдық межесін бағалауы

мен үйлестіруі) аңғара білуі;

- Мұғалімнің тікелей үлгі (модель) бола алуы.

Цифрлық қолданыстың барлығы ағылшын тілінен «digital storytelling» сөзінен шыққан. Бұл әңгімелеу, қызықты әңгіме өнері деген мағынаны білдіреді. Аталған әдісті Дэвид Армстронг жасаған [6]. Яғни, әңгіме құру барысында психологиялық факторды ескере отырып, әңгімелердің жеңіл қабылдануы мен логикалық дәлелдер пайымдалады. Адам тыңдау арқылы сенімділікті қалыптастырады, әрекеттерді ыңғайластырады.

Кез-келген цифрлық әрекеттерді құруда өзіне жүйелері бар:

1. Автордың негізгі көзқарасы;
2. Назар аударатын сұрақтар қойылуы;
3. Эмоциялық мазмұндар арқылы ойландыру;
4. Дауыс ырғағының ерекше берілу әрекеті;
5. Фондық дыбыстар;
6. Ақпараттың ықшамдылығы;
7. Оқиғаның берілу қарқыны.

Зерттеу барысының нәтижелері мен талқылау.

ЖИ құралдарын қазақ тілі сабақтарында қолданудың негізгі жұмыстарымыз 4 тілдік дағды бойынша төмендегідей жүзеге асады:

1. Айтылым дағдысына визуалды ақпараттар: графика, инфографика.

2. Оқылым дағдысына электронды оқу құралдары: сөздіктер, энциклопедия, электронды кітаптар.

3. Жазылым дағдысына интерактивті құралдар: онлайн қосымшалар.

4. Тыңдалым дағдысына аудиожазбалар.

Оқылым дағдысы. Білім алушының оқылым дағдысын дамыту үшін қызығушылықтарына сай мәтіндер әзірлеу, аутентті цифрлық мәтіндер құру, әр деңгейлі тапсырмалар жасау қажет.

Мәтіннің екі түрі бар. Оның бірі бірмодальді және мультимодальді мәтіндерді айтамыз. Мультимодальді мәтін компонентті. Оған дыбыс, видео, суреттер, диаграммалар, гипермәтіндер, сілтемелер жатады. Мультимодальді аутентті цифрлық мәтінді әзірлеу үшін Google аккаунт арқылы тіркеліп, Pictochart, Quizlett, PowerPoint қосымшаларды QR-код арқылы қызықты етіп өткізуге болады. Мәселен, B1 орташа деңгейіндегі қазіргі жаңадан еңгізілген «Менің туған жерім» тақырыбына инфография әзірлеп, гипермәтінді ақпаратты жоғарыда аталған платформалар негізіне салып, гипермәтін ұсыну арқылы 50-60 сөзден тұратын жауап жазуын талап етуге болады. Нәтижесінде оқытушы білім алушыға компьютерде жұмыс жасай отырып, ауқымды мәліметтер арқылы білім алуға әрі оны жетілдіруге ықпал етеді.

Тыңдалым мен айтылым дағдысына білім алушының қызығушылығына сай мәтіндер мен графикалық құралдармен жұмыс жасау. Тыңдалым мен айтылым дағдысын дамытуға арналған Narakeet.com, Voki.com, StoryJumper.com, D-ID сияқты қосымшаларын қолдануға болады. Мәселен Google еңгізуші жолағына Voki.com қосымшасы арқылы түрлі тақырыпқа сай кейіпкерлерді сөйлетуге болады. Артынша тест тапсырмаларға жауап береді. Сондай-ақ, білім алушы да сол кейіпкерлер әлеміне еніп еркін сөйлеуге дағдыланады.

Айтылым тапсырмасына «digital storytelling» цифрлық қолданысқа «Маған ұнайтын спорт түрі» тақырыбына мультимедиялық компоненттеріне мынадай тапсырмалар әзірлеуге болады:

1. Визуалды материалдарды жүйелі баяндай отырып жоғарыда атап кеткен voki.com, sarcut арқылы бір кейіпкерді таңдау;

2. Кейіпкердің образына енуге мүмкіндік беру;

3. Әр білім алушыға кез-келген бір спортшының өмірі мен жетістіктерін жасанды интеллект арқылы сөйлету, яғни audacity онлайн диктофоны арқылы мәтінді дыбыстату;

4. Дайын болған өнімді жариялап, таныстыру.

Жазылым дағдысына Canva, StoryboardThat, Animaker, Prezy, StoryJumper сияқты креативті жазылым тапсырмаларын құрауға болады. Бұл платформалар арқылы түрлі комикстер арқылы сұқбат, ақпарат беру сияқты тапсырмалар жүйесін әзірлей аламыз. Яғни, бұлар қосымшалар жазылым дағдысын дамытатын көпірше десек артық емес. Сюжеттік тапсырмалар арқылы кез-келген оқиғаны өрбітуге, ішкі келбетіне саяхаттауға, тарихи орындарға сапар шегуге мүмкіндік береді. Осылайша білім алушы тілді оңай меңгере алады.

Тілді үйретудің коммуникативтік құзыреттілігі грамматикалық формулаға салуды үйретумен ғана шектелмейді. Грамматикаға негізделген оқыту ол қазіргі кезде пассивті оқыту деп аталады. Себебі, біз тілді ғылым ретінде қарастырамыз, ереже жаттатамыз, жаттығу орындату сияқты іс-әрекеттермен шектелеміз. Ал белсенді оқыту – коммуникацияға негізделеді. Яғни, тілдік қарым-қатынас жасай алу қызметі атқарылуы, қоғамдағы әлеуметтену мен сөйлеу жүйелерін қалыптастырушы құрал. Коммуникативті тәсілдеменің негізгі қағидаттары мыналар:

1. Мәтін ұсынуда мағынасы мен мазмұнына назар аудару;

2. Қарым-қатынас жасауда диалогтар функционалдық мәнге ие болуы;

3. Қателесуден қорықпау;

4. 4 тілдік дағдыны дамытуға назар ау-

дару;

5. Грамматика контент негізінде меңгерілуі.

Осындағы қателесумен жұмыс барысында сабақта білім алушы қате айтқан жағдайда, оның қатесін бірден түземей, соңында жалпылама түрде айту – білім алушының ынтасын ашады.

Сабақ барысында жаңа сөздерді үйрету. Жаңа сөздермен жұмыстың пайдасы – білім алушының санасында ұзақ мерзімде сақталу үшін, тілдік қорды дамытуға бағытталатын жұмыс. Яғни, жаңа сабақты өту барысында ұстаз өз оқушыларына мәтін бойынша жаңа сөздерді жаздырады. Бірақ бұл сөздер бір рет айтылып ұмыт болатын жағдайлар көп. Сондықтан бүгінгі өтілген жаңа сөз келесі сабақта міндетті түрде мәтіннің ішінде қайталануы керек. Жаңа сөздердің санада ұзақ мерзімді сақталуына әсер ететін факторлар:

1. Қайталау;

2. Елестету;

3. Сөздің қолданыстық үлгісін ұсыну;

4. Когнитивті тереңдікті қамту;

5. Аңғарымсыз сөз жаттату;

6. Жаттығу.

Жаңа сөздерді жаттату жолдарына суретті карточкалармен жұмыс, күйзенер таяқшасы немесе түрлі түсті доптармен жұмыс, сөздіктен іздету, көрнекі затты пайдалану, қысқа мәтіндер оқуға ұсыну, интенсивті және экстенсивті оқылым ұсыну, интерактивті ойындар ойнату, жаттығу орындату, сұрақ, өлең, жұмбақ, әңгіме т.б. құрастыру сияқты амалдарды пайдалануға болады.

Тілді үйретуде ойын технологиясын пайдалану да маңызды. Сергіту сәтінде «Кім жылдам?», «3 атау», «1-2-3» сияқты түрлі сені бақытты ететін 1 зат, өміріңізде болған 2 оқиға, болашақта жасағын келетін 3 нәрсе сияқты түрлі типтегі ойындар әзірлеуге болады.

Қарқынды дамып келе жатқан білім беру саласында жасанды интеллект (ЖИ) инфузиясы дәстүрлі парадигмаларды қайта қалыптастыратын және педагогикалық мүмкіндіктердің жаңа дәуірін ашатын трансформациялық күш ретінде пайда болды. Бұл зерттеу білім беру платформаларын тиімді пайдалануға назар аудара отырып, ЖИ мен білім беру арасындағы динамикалық өзара әрекеттесуді зерттейді.

Қорытынды

Бұл мақалада B1, B2 деңгейлеріне арналған ЖИ қолданысқа енгізу барысындағы тәжірибелік зерттеулер жүргізілді. Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде дәстүрлі оқытудан алшақ, жасанды интеллекті арқылы білім берудің әдістемелік нұсқаулары қарастырылды. Зерттеу барысында білім алушыларға оқытуда ЖИ

қолдану тиімділігі анықталды. Дегенмен ЖИ қолдану жүйесінің әдістемесі әзірленуін қамтамасыз ету керектігі жоспарланды. Осы нәтижелерге сүйене отырып студенттерге ЖИ арқылы жұмыс жасау кезінде шектеулер мен қиындықтар туындамағаны анықталды.

Қазіргі цифрландыру дәуірінде білім берудің 4 дағдысын қамти отыра, студенттерге сабақты қызықты өткізудің жолдарын іздеуіміз керек. Сондықтан әр педагог жаңашыл-

дыққа жақын жүруі, оны өзіне сіңіріп, білім алушыға тез әрі ұтымды пайдалануы керек.

Қаржыландыру. Бұл зерттеу жұмысы Жас ғалымдарға арналған «Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-ның «Жасанды интеллект» технологиялары негізінде тілді кешенді оқыту жүйесін әзірлеу жобасы аясында 2024-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Асамбаев А. Ж. Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. – Алматы: «Дәуір» ЖШС РПБК, 2011. – 136 б.
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев. 12 сәуір 2024 жылы Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзі.
3. Лорьер Ж.Л. Системы искусственного интеллекта / Пер. с франц. – М.: Мир, 1991. – 568 с.
4. «Тіл-Қазына» жасанды интеллект бойынша жұмысын жандандыруда (мақала). <https://qazgpt.kz/index.php#about>
5. Abdrazakh Y., Turganbayeva A., Rakhimova D. Development and Study of an Approach for Determining Incorrect Words of the Kazakh Language in Semi-structured Data // In: Wojtkiewicz K., Treur J., Pimenidis E., Maleszka M. (eds) Advances in Computational Collective Intelligence. Communications in Computer and Information Science. – Springer, Cham, 2021. – Vol. 1463. – Pp. 535-545. (Scopus) https://doi.org/10.1007/978-3-030-88113-9_43
6. Рахимова Д.Р., Абдразах Ы.Қ. Жартылай құрылымды мәліметтердегі қазақ тілінің дұрыс емес сөздерін анықтау моделін зерттеу және әзірлеу // Труды международной научно-практической конференции «Ауэзовские чтения – 19: 30 лет независимости Казахстана». Том 1. – Шымкент: ЮКУ им. М. Ауэзова, 2021 г. – С. 3-8.

Преподавание казахского языка в вузах с использованием искусственного интеллекта

***ЖАЛДЫБАЕВА Айнуր Жакыпбаевна**, магистр, преподаватель,
zhaldybaeva-1997@mail.ru,

КЕНЖЕБЕКОВА Айгерім Ерболқызы, магистр, преподаватель,
ajgerim.kenzhebekova@mail.ru,

НАО «Карагандинский технический университет имени Абылкаса Сагинова»,
пр. Н. Назарбаева, 56, Караганда, Казахстан,

*автор-корреспондент.

Аннотация. Рассматривается эффективность преподавания казахского языка студентам высших учебных заведений с использованием искусственного интеллекта. Были изучены преимущества искусственного интеллекта для представителей других наций и проведен анализ цифровых приложений. Цель исследования – определить эффективность искусственного интеллекта в изучении языка. Были рассмотрены онлайн-платформы и приложения, интернет-ресурсы, созданные искусственным интеллектом на основе 4-х языковых навыков для студентов. Методика повышения цифровой грамотности была проведена для изучения языка с помощью гаджетов.

Ключевые слова: казахский язык, искусственный интеллект, онлайн-платформа, языковые навыки, знание языка, цифровая грамотность.

Teaching the Kazakh Language in Universities Using Artificial Intelligence

***ZHALDYBAEVA Ainur**, Master's Degree, Teacher, zholdybaeva-1997@mail.ru,
KENZHEBEKOVA Aigerim, Master's Degree, Teacher, ajgerim.kenzhebekova@mail.ru,
NPJSC «Abylkas Saginov Karaganda Technical University», 56 N. Nazarbayev Avenue,
Karaganda, Kazakhstan,
*corresponding author.

Abstract. The article examines the effectiveness of teaching the Kazakh language to students of higher educational institutions using artificial intelligence. The benefits of artificial intelligence for representatives of other nations were studied and an analysis of digital applications was carried out. The purpose of the study is to determine the effectiveness of artificial intelligence in language learning. Online platforms and applications, Internet resources created by artificial intelligence based on 4 language skills for students were reviewed. A technique for increasing digital literacy was carried out for language learners with the help of gadgets.

Keywords: kazakh language, artificial intelligence, online platform, language skills, language knowledge, digital literacy.

REFERENCES

1. Asambaev A.J. Fundamentals of Artificial Intelligence: Textbook. Almaty, LLP RPBK «Era», 2011. – 136 p.
2. Head of State Kassym-Jomart Tokaev. Speech at the meeting of the National Council on Science and Technology on April 12, 2024.
3. Laurier J.L. Artificial intelligence system. Per. s French. – Moscow: Mir, 1991. – 568 p.
4. «Til-Kazyna» is revitalizing its work on artificial intelligence (article). <https://qazgpt.kz/index.php#about>
5. Abdrazakh Y., Turganbayeva A., Rakhimova D. Development and Study of an Approach for Determining Incorrect Words of the Kazakh Language in Semi-structured Data // In: Wojtkiewicz K., Treur J., Pimenidis E., Maleszka M. (eds) Advances in Computational Collective Intelligence. Communications in Computer and Information Science. – Springer, Cham, 2021. – Vol. 1463. – Pp. 535-545. (Scopus) https://doi.org/10.1007/978-3-030-88113-9_43
6. Rakhimova D.R., Abdrazakh Y.K. Research and development of the model for identifying incorrect words of the Kazakh language in semi-structured data. Volume 1. – Shymkent: YKU im. M. Auezova, 2021. – Pp. 3-8.